

ХАТТАМА №5

15.12.2020жыл

«№7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-інде педагогтарына онлайн-жиналыс болып өтті.

Қатысқандар: МДТЖО, Әлеуметтік –педагог, педагог-психолог ,сынып жетекшілер

Өтілу түрі: онлайн режимде

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. «Мектеп қауіпсіздігі командасын» құру

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының м.а Агедилова А.Т

«Мектеп қауіпсіздігі командасын» құру; зорлық-зомбылықсыз мектеп ортасын қалыптастыруға мектеп қызметкерлерін, оқушылар мен олардың ата-аналарының қолдау білдірулері мен қатысуларын арттыру мақсатында, Мектеп қызметкерлері мен оқушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс жүргізу үшін төмендегідей арнайы топ

Бұйырамын:

- | | |
|---------------------------------|-----------------------|
| 1. Агедилова Алтынай Тайжановна | - МДОТЖО |
| 2. Жекенова Айнагүл Жаксыбаевна | - МДТЖО |
| 3. Ондыбаев Мурат Саламатович | - қоғамдық инспектор |
| 4. Тулеуова Эльмира | - Педагог-психолог |
| 5. Кульмагамбетова Карашаш | - әлеуметтік -педагог |
| 6. Софинова Күлайша | - МДШЖО |
| 7. Әмзе Аян | - ЮПБ-нің инспекторы |

Жұмыстың өз деңгейіде жүргізілу жауапкершілігі мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - А.Ж.Жекенованың міндетіне жүктелгені айтылды.

МДТЖО А.Ж.Жекенова:

«Мектеп қауіпсіздігі командасы» жобасы жалпымектептік алдын алу жүйесі мектептің жағымды атмосферасын құруға, мектептегі зорлық-

зомбылық фактілерінің алдын алуға арналған жобаның құрылғаны жайлы айтылды. Жобаның мақсаты:

«Мектеп қауіпсіздігі командасын» құру; зорлық-зомбылықсыз мектеп ортасын қалыптастыруға мектеп қызметкерлерін, оқушылар мен олардың ата-аналарының қолдау білдірулері мен қатысуларын арттыру

Жұмыстың негізгі бағыттары:

- осал балаларға, «қауіп-қатер тобындағы» балаларға қолдау көрсету үшін мектеп қызметкерлерін қажетті біліммен, тәжірибе дағдыларымен, осал балаларды, «қауіп-қатер тобындағы» балаларды қолдаудың нұсқаулықтарымен қамтамасыз ету, мектепте білім алу мен жетістікке жетудің жағымды ортасын құру;
- балалармен өмірде кездесетін мәселелерді шешу және қажетті шешім қабылдау дағдыларын үйрету, жанжалсыз қарым-қатынас жасау бойынша кеңес беру-түзету жұмыстарын жүргізу;
- қауіпсіз әрі саламатты психоэмоционалдық орта құру.

«МЕКТЕП ҚАУІПСІЗДІГІ КОМАНДАСЫ» МҮШЕЛЕРІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Білім беру ұйымының директоры

- зорлық-зомбылықтың алдын алу және оның жағдайларына назар аудару мақсатында оқу процесіне қатысы бар барлық жауапты адамдардың әрекеттері мен жауапкершілігін реттейтін құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді;
- «Мектеп қауіпсіздігі командасының» құрамын бекітеді;
- «Мектеп қауіпсіздігі командасының» жұмыс жоспарын бекітеді;
- директордың кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылықтың, қатыгездіктің және басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алуға жауапты орынбасарын тағайындайды;
- «Мектеп қауіпсіздігі командасының» жұмысын үйлестіреді және бақылайды.

Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары:

- «Мектеп қауіпсіздігі командасының» жұмысын ұйымдастырады және бақылайды;
- «Мектеп қауіпсіздігі командасының» жұмыс жоспарын жасайды;
- «Мектеп қауіпсіздігі командасының» мүшелеріне қажетті әдістемелік көмек көрсетеді;
- оқушылармен алдын алу іс-шараларын ұйымдастырып, жүргізеді;
- білім беру процесінің қатысушыларын сыныптан тыс, жалпы мектептік іс-шараларға қатысуға тартады;
- «қауіп-қатер тобындағы» оқушылармен жұмысты бақылайды (ерекше педагогикалық назар аударуды қажет ететін оқушылар);
- ата-аналармен жұмыс жүргізеді;
- сапалы әрі мерзімге сай есеп беру құжаттарымен қамтамасыз етеді;

- зорлық-зомбылық пен қатыгездік орын алған жағдайда қажетті іс-шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді.

Педагог-психолог:

- педагогикалық және жас ерекшелік психология саласында ағартушылық жұмыс жүргізеді;
- диспетчерлік қызметті жүзеге асырады;
- білім беру процесіне қатысушылардың барлығына кеңес береді;
- «қауіп-қатер тобындағы» оқушылардың тұлғалық дамуына кедергі болатын факторларды анықтайды және әртүрлі психологиялық көмек көрсету шараларын қабылдайды;
- балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік дамуының бұзылуына диагноз қояды, олармен психологиялық-педагогикалық түзету жұмыстарын жүргізеді.

Әлеуметтік педагог:

- «қауіп-қатер тобындағы» оқушылардың мәліметтер базасын құрастырады;
- «қауіп-қатер тобындағы» оқушылардың жеке ерекшеліктерін, отбасылық тұрмыс жағдайларын зерттейді;
- «қауіп-қатер тобындағы» оқушылардың қызығушылықтарын, қажеттіліктерін, қиындықтарын, проблемаларын, жанжалды жағдайларын және мінез-құлықтарындағы ауытқуларды анықтайды;
- оларға мезгілінде әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетеді;
- оқушылардың өміріне және денсаулығына қауіп-қатер төнген жағдайды жою үшін барлық инстанцияларда олардың заңды құқықтары мен қажеттіліктерін ұсынады. «Қауіп-қатер тобындағы» оқушылар мен мектеп, отбасы, орта, әртүрлі әлеуметтік қызметтер мамандары, ведомствалар және әкімшілік органдар арасында делдалдық қызмет атқарады;
- бірқатар алдын алу шараларын ұйымдастырады (тақырыптық акциялар, апталықтар, сынып сағаттары, дөңгелек үстелдер т.б.).

Медициналық қызметкер:

- «қауіп-қатер тобындағы» оқушылардың денсаулықтары туралы мәліметтер дайындайды;
- оқушылармен СӨС ұстану туралы алдын алу, ағартушылық іс-шаралар жүргізеді.

Тәлімгер:

- оқушылардың бос уақыттарын өткізуге арналған іс-шаралар ұйымдастырады;
- «қауіп-қатер тобындағы» оқушыларды сыныптан тыс жұмыстарға (үйірмелер, секциялар, сыныптан тыс жұмыстар) тартады;
- кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық, бұзақылық, зорлық-зомбылық пен қатыгез қарым-қатынастың алдын алуға бағытталған іс-шараларды өткізуге көмек көрсетеді.

Мектептің полиция инспекторы:

- мектепшілік және полиция бөлімінде есепте тұратын отбасылар мен балаларға бақылау жасайды;

- «қауіп-қатер тобындағы» және алдын алу шарасы есебінде тұрған оқушылармен белсенді жұмыс жүргізеді;
- оқушылар, ата-аналар мен мұғалімдер арасында құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің алдын алу шарасы бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;
- әлеуметтік педагогпен бірлесе отырып, есепте тұрған және «қауіп-қатер тобында» тұрған оқушылардың отбасыларына рейдтер жүргізеді;
- балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелерінде балаларды, ата-аналарды және білім беру қызметкерлерін құқықтық білім алуға көмектеседі.

Сынып жетекшілері, Алғашқы әскери және технологиялық дайындық жетекшілері:

- «қауіп-қатер тобында» тұратын оқушылар туралы мәліметтер базасын жасауға қатысады;
- зорлық-зомбылық пен қатыгез қарым-қатынастың, қадағалаусыз қалу мен құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған іс-шараларды өткізуге қатысады;
- сыныпта қолайлы атмосфера орнату бойынша шаралар қабылдайды, оқушылардың агрессивті мінез-құлқының жолын кеседі, медиаторларды шақырумен жанжалды жағдайларды шешеді;
- тұлғааралық жанжалдарды ұйымдастырып жүретін ұжымдарды, топтасуды қалыптастырушыларды, тұйық, қарым-қатынасы аз, эмоционалды тұрақсыз, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері, даму және мінез-құлық ерекшеліктері бар оқушыларды окшаулау және қудалау жағдайларын ерте анықтайды, оларға уақытылы көмек көрсету және қолдау мақсатында оқушылар ұжымына тұрақты бақылауды жүзеге асырады;
- мектеп әкімшілігін, «Мектеп қауіпсіздігі командасының» мүшелерін кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық көріністері туралы хабардар ету керек екені айтылды.

Шешім:

1. «Мектеп қауіпсіздігі командасын» құру; зорлық-зомбылықсыз мектеп ортасын қалыптастыруға мектеп қызметкерлерін, оқушылар мен олардың ата-аналарының қолдау білдірулері мен қатысуларын арттыру мақсатын қамтамасыз етілсін.
2. «Мектеп қауіпсіздігі командасы» мүшелерінің функционалдық міндеттері бөлініп берілсін.

Мектеп директорының м.а. Атепилова А.Т

Жиналыс хатшысы:



Жекенова А.Ж

